

АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШТІҢ ҚЫРЫҚ БЕС ЕСЕЛЕНГЕН МӨЛШЕРІНЕ ДЕЙІНГІ СОМАДА МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ

1. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

1.1. Осы микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – «Шарт») қосылу шарты болып табылады және «ORLAN-PVL» ЛОМБАРДЫ» ЖШС-нің (бұдан әрі – «Қарыз беруші» және (немесе) «Кепіл ұстаушы») микрокредит беруінің стандартты талаптарын айқындайды.

Микрокредиттің жеке талаптары Кепіл билетінде белгіленеді.

Осы Шарт айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен аспайтын сомада және қырық бес күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін микрокредиттер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары ескеріле отырып айқындалған талаптармен жасалатын микрокредит беру туралы шарт болып табылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалады.

1.2. Шарт Қарыз беруші мен Қарыз алушының (бұдан әрі – «Қарыз алушы» және (немесе) «Кепіл беруші») арасында Кепіл билетіне, микрокредитті өтеу кестесіне және Шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – «Қосылу туралы өтініш») қол қою арқылы жасалады.

Кепіл билеті Қосылу туралы өтініштің титулдық бетінде жазылады.

Қол қойылған Кепіл билеті, микрокредитті өтеу кестесі және Қосылу туралы өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, Шарттың жасалғанын растайтын құжаттар болып есептеледі және бірыңғай құжатты құрайды.

1.3. Қарыз алушының/Кепіл берушінің Кепіл билетіне және Қосылу туралы өтінішке қойған қолы оның Шартты толық көлемде оқып шыққанын, түсінгенін және қандай да бір ескертулерсіз немесе қарсылықтарсыз қабылдағанын, оған толық көлемде қосылғанын, оның талаптарымен келісетінін, сондай-ақ Қарыз берушінің/Кепіл ұстаушының Микрокредиттер беру қағидаларымен және Қарыз алушының/Кепіл берушінің микрокредит бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету талаптарымен танысқанын және олармен келісетінін растайды.

1.4. Егер Қарыз берушіде/Кепіл ұстаушыда Қарыз алушының/Кепіл берушінің қолы қойылған және осы Шартқа сілтемесі бар Кепіл билетінің және Қосылу туралы өтініштің данасы болса, Қарыз алушы/Кепіл беруші өзінің Шарттағы қолының болмауын Шартты оқымағанының, түсінбегенінің немесе қабылдамағанының дәлелі ретінде негізге ала алмайды.

1.5. Осы Шарт, оған енгізілген өзгерістер және (немесе) осы Шарттың жаңа редакциялары Ломбардтың ресми интернет-ресурсында мына мекенжай бойынша орналастырылады: www.orlan-pvl.kz

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

2.1. Қарыз беруші Қарыз алушы – жеке тұлғаға осы Шартта белгіленген тәртіппен жылжымалы мүлік кепілімен (бұдан әрі – «Кепіл нысанасы») қамтамасыз етілген микрокредит береді.

Микрокредит беру талаптары және кепіл нысанасына қойылатын талаптар Кепіл билетінде және осы Шартта айқындалады.

Микрокредит мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық және жылжымалы мүлік кепілімен қамтамасыз етілу талаптарымен беріледі.

2.2. Бір Шарт бойынша шекті сома тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Микрокредит сомасы және микрокредит берудің өзге де жеке талаптары Кепіл билетінде белгіленеді.

Кепіл билетінде белгіленген микрокредит сомасын ұлғайтуға жол берілмейді.

2.3. Микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер – мақсатсыз.

2.4. Микрокредит кепіл нысанасы кепілге қабылданғаннан кейін Шартқа қол қойылған күні Қарыз берушінің кассасы арқылы қолма-қол ақшамен беріледі.

2.5. Микрокредитті ресімдеудің ең ұзақ мерзімі 45 күнтізбелік күнді құрайды.

Микрокредитті өтеу мерзімі Шарттың титулдық бетінде – Кепіл билетінде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген нысан бойынша жасалған, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын микрокредитті өтеу кестесінде көрсетіледі.

Тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шарттың мерзімі қолданыстағы немесе жақсартылған талаптармен ұзартылуы мүмкін, бірақ 14 реттен аспауға және жалпы мерзімі 90 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

Микрокредит беру туралы шарттың жалпы мерзімі (ұзартуларды және кепілдендірілген күту мерзімін қоса алғанда) 165 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

2.6. Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (бұдан әрі – «ЖТСМ») уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген шекті мөлшерден аспауға тиіс және күніне 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайыздан кем болған жағдайда жылдық 179 (жүз жетпіс тоғыз) пайыздан аспайды.

Сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайыздық мөлшері, сыйақы сомасы, сондай-ақ микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің (ЖТСМ) мөлшері Кепіл билетінде көрсетіледі.

Микрокредит осы Шартта белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда сыйақы микрокредитті пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін төленеді.

2.7. Микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі: біржолғы тәртіппен, касса арқылы қолма-қол ақшамен.

Микрокредитті өтеу Қарыз алушыға микрокредит берілген Қарыз берушінің бөлімшесінде жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде жүзеге асырылады.

2.8. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі:

1. өсімпұл бойынша берешек;
2. сыйақы бойынша берешек;
3. негізгі борыш бойынша берешек.

2.9. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі мен мөлшері Кепіл билетінде белгіленеді.

Микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспауға тиіс.

2.10. Қарыз алушының Шарт бойынша барлық төлемдері, оның ішінде Шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомалары, микрокредит нысанасын қоспағанда, Шарттың бүкіл қолданылу кезеңінде берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс.

2.11. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Шарттың титулдық бетінде – Кепіл билетінде көрсетілген және кепіл нысанасы болып табылатын жылжымалы мүлік ұсынылады.

2.12. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Қарыз беруші қолданатын шаралар:

2.12.1. Қарыз беруші/Кепіл ұстаушы микрокредитті өтеудің белгіленген күнінен бастап бір айға тең кепілдендірілген күту мерзімі аяқталғаннан кейін кепіл нысанасын соттан тыс тәртіппен өткізуді жүзеге асырады.

Қарыз алушы/Кепіл беруші Шартқа қол қоя отырып, кепіл нысанасын соттан тыс тәртіппен өткізуге, оның ішінде сауда-саттық өткізбей өткізуге өз келісімін береді.

Қарыз берушінің/Кепіл ұстаушының кепіл нысанасын пайдалану мүмкіндігі осы Шарттың осы тармағында белгіленген негіздер бойынша кепіл нысанасын соттан тыс тәртіппен өткізумен, оның ішінде сауда-саттық өткізбей өткізумен шектеледі.

2.12.2. Қарыз берушінің бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесу, оның ішінде интернет желісінде қоңырау шалуға арналған қосымшаларды пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жұмыс күні сағат 09:00-ден 21:00-ге дейін тәулігіне бір реттен аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

Әрбір өзара іс-қимыл кезінде Қарыз алушыға:

- ұйымның атауы;
- ұйымның орналасқан жері;
- өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы;

– шартта көзделген негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын көрсете отырып, берешек құрылымы;

– Шартта, Заңда көзделген Қарыз алушының жауапкершілігі мен өзге де міндеттері, сондай-ақ Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдары туралы ақпарат хабарланады.

2.12.3. Қарыз беруші/Кепіл ұстаушы өзара іс-қимыл жасау кезінде мынадай шектеулерді сақтайды:

– 2.12.2-тармақшасында көзделмеген тәсілдермен және уақыт кезеңінде өзара іс-қимыл жасауға;

– осы Шарт шеңберінде Қарыз берушімен/Кепіл ұстаушымен міндеттемелермен байланысты емес үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасауға, Қарыз алушының/Кепіл берушінің орналасқан жерін және (немесе) байланыс деректерін анықтау мақсатында мерзімі өткен берешекті реттеу және (немесе) өтеу жағдайларын қоспағанда;

– мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыға/Кепіл берушіге және (немесе) оның өкіліне және (немесе) үшінші тұлғаға Қарыз беруші/Кепіл ұстаушы қызметкерінің шындыққа сәйкес келмейтін тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы мәліметтерді хабарлауға;

– мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыны/Кепіл берушіні және (немесе) оның өкілін және (немесе) ұйыммен шарт шеңберінде байланысты үшінші тұлғаны берешектің мөлшері, сипаты және туындау негіздері жөнінде жаңылыстыруға;

– өзара іс-қимыл жасалатын тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға не осы тұлғаның мүліктік мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария етуге жол берілмейді.

2.13. Шарттың қолданылу мерзімі – Шарт Қарыз алушы мен Қарыз беруші өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

Қарыз алушы негізгі борыш сомасын және (немесе) сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Шарт кепіл нысанасының өткізілуіне немесе мұндай мүліктің Қарыз берушінің/Кепіл ұстаушының меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

2.14. Қарыз берушінің пошталық мекенжайы:

140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы,

Н. Назарбаев даңғылы, 89-үй, 87 тұрғын емес үй-жай.

2.15. Қарыз берушінің электрондық пошта мекенжайы: orlanpvl@mail.ru

2.16. Қарыз берушінің ресми интернет-ресурсы: www.orlan-pvl.kz

2.17. Қарыз беруші шарт бойынша құқықты (талап ету құқығын) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитор мен Қарыз алушы арасындағы қатынастарға қойылатын талаптар мен шектеулер құқық (талап ету құқығы) берілген үшінші тұлғамен Қарыз алушының/Кепіл берушінің құқықтық қатынастарына да қолданылады.

3. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ/КЕПІЛ БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Қарыз берушінің Микрокредиттер беру қағидаларымен және микрокредит беру жөніндегі тарифтерімен танысуға.

3.2. Алынған микрокредитке осы Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда билік етуге.

3.3. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлемей төлеуге.

3.4. Қарыз берушіге осы Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлемей мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға.

3.5. Қарыз алушы – жеке тұлға Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз берушіге келуге және (немесе) жазбаша нысанда не Шартта көзделген тәсілмен Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш беруге құқылы.

Өтініште Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу себептері, кірістері және Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) көрсетіледі, оның ішінде:

3.5.1. Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін немесе сыйақы мөлшерін азайтуға;

3.5.2. негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

3.5.3. берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгертуге, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеуге;

3.5.4. микрокредит мерзімін өзгертуге;

3.5.5. мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) жоюға;

3.5.6. кепілге қойылған мүлікті ұйымға беру арқылы Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуға.

3.6. Қарыз алушы – жеке тұлға Қарыз берушінің Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін және бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту жөнінде өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда Қарыз берушіні/Кепіл ұстаушыны бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

3.7. Көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз берушіге жазбаша түрде жүгінуге.

3.8. Қарыз берушінің/Кепіл ұстаушының келісімі болған жағдайда және Шарттың 9.3-тармағында көзделген талаптарды сақтай отырып, Кепіл билетінде көрсетілген кепілдендірілген күту мерзімі аяқталғанға дейін Шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы талаптармен ұзартуға.

3.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4. ҚАРЫЗ БЕРУШІНІҢ/КЕПІЛ ҰСТАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Қарыз алушы үшін талаптарды жақсарту жағына қарай Шарт талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге.

4.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам бұзған жағдайда микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге (егер Шарт талаптарында микрокредитті бірнеше төлеммен өтеу көзделген болса).

4.3. Қарыз алушының (Кепіл берушінің) негізгі борышты өтеу және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы кезінде, Шартта көрсетілген кепілдендірілген күту мерзімі аяқталғаннан кейін кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдануға және оны мәжбүрлі соттан тыс тәртіппен өткізуге, оның ішінде сауда-саттық өткізбей өткізуге, сондай-ақ Тараптардың келісімімен айқындалған және Тараптар қол қойған Кепіл билетінде көрсетілген кепіл нысанасының бағалау құнына сәйкес кепіл нысанасын өз меншігіне айналдыруға.

4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қарыз берушінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатындағы Ішкі бақылау қағидаларында көзделген жағдайларда ақшамен және (немесе) мүлікпен операция жүргізуден бас тартуға, сондай-ақ Қарыз алушымен іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға және (немесе) іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы. Мұндай әрекеттер Қарыз берушінің Қарыз алушы алдындағы міндеттемелерін орындамауы болып табылмайды және Қарыз алушы алдында қандай да бір азаматтық-құқықтық жауапкершілікке әкеп соқтырмайды.

4.5. Қарыз алушының/Кепіл берушінің дербес деректерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде жинауды және өндеуді жүзеге асыруға.

4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

5. ҚАРЫЗ БЕРУШІНІҢ/КЕПІЛ ҰСТАУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

5.1. Қарыз алушы Қарыз берушіге тиесілі негізгі борыш сомасын, сыйақыны және өсімпұлды (бар болған жағдайда) толық өтегеннен кейін кепіл нысанасын Қарыз алушыға қайтаруға.

5.2. Осы Шарт бойынша Қарыз берушінің құқығының (талабының) үшінші тұлғаға ауысу талаптарын қамтитын шартты (бұдан әрі – «Талап ету құқығын беру туралы шарт») жасасу кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге:

5.2.1. Талап ету құқығын беру туралы шарт жасалғанға дейін үшінші тұлғаға құқықтардың (талаптардың) ауысу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабарлауға;

5.2.2. Талап ету құқығын беру туралы шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде үшінші тұлғаға құқықтың (талаптың) ауысқаны туралы Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабарлауға, сондай-ақ үшінші тұлғаға микрокредитті өтеу бойынша кейінгі төлемдердің мақсатын көрсете отырып:

- шарт бойынша құқық (талап) ауысқан тұлғаның атауын және орналасқан жерін;
- берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін;
- мерзімі өткен және ағымдағы негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) және төленуге жататын өзге де сомалардың қалдықтарын көрсетуге.

5.2.3. Қарыз алушының Шартта (Кепіл билетінде) көрсетілген электрондық пошта мекенжайына хат жіберу арқылы немесе Қарыз беруші бөлімшесінің ақпараттық тақталарында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы хабарлауға.

Егер хабарлама Қарыз алушының Шартта дұрыс емес немесе қолданыста жоқ электрондық пошта мекенжайын көрсетуіне байланысты жеткізу мүмкін еместігі туралы белгімен қайтарылса не оны қабылдаудан бас тартылған жағдайда, сондай-ақ оның алынуы расталмаған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

5.3. Қарыз алушыны Шартта (Кепіл билетінде) көрсетілген электрондық пошта мекенжайына хат жіберу арқылы немесе осы тармақтың 5.3.1-тармақшасында көрсетілген тәсілдердің бірімен мерзімі өткен берешек туындаған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етуге:

- Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімінің бұзылғаны және хабарламада көрсетілген күндегі мерзімі өткен берешек мөлшерін көрсете отырып, төлем енгізу қажеттігі туралы;

- Қарыз алушы – жеке тұлғаның осы Шарттың 3.5-тармағында көрсетілген өтінішпен Қарыз берушіге жүгіну құқығы туралы;

- Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.

5.3.1. Хабарлама Қарыз алушыға мынадай тәсілдердің бірімен жіберілген жағдайда жеткізілген болып есептеледі:

- Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;
- Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған жағдайда;
- жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге байланыс құралдарын пайдалану арқылы.

5.3.2. Егер хабарлама Қарыз алушының Шартта дұрыс емес немесе қолданыста жоқ мекенжайды, оның ішінде электрондық пошта мекенжайын көрсетуіне байланысты жеткізу мүмкін еместігі туралы белгімен қайтарылса не оны қабылдаудан бас тартылған жағдайда, сондай-ақ оның алынуы расталмаған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

5.4. Қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Шарт талаптарына енгізу ұсынылған өзгерістерді қарауға және Қарыз алушы – жеке тұлғаға жазбаша немесе ауызша түрде:

- Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;
- берешекті реттеу бойынша өз ұсыныстары туралы;
- бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тартатыны туралы хабарлауға.

5.5. Қарыз беруші жақсартылған талаптарды қолданған жағдайда Қарыз алушыны Шартта көзделген тәртіппен Шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар етуге.

5.6. Шартқа Тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін қоса беруге.

5.7. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде жаңа талаптарды ескере отырып, микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасауға және Қарыз алушыға беруге.

5.8. Көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушыға заңнамада белгіленген мерзімдерде жазбаша жауап беруге.

5.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

5.10. Қарыз беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес микрокредит беру құпиясын сақтауға міндеттенеді.

6. ҚАРЫЗ БЕРУШІГЕ/КЕПІЛ ҰСТАУШЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

6.1. Сыйақы мөлшерлемесін (оны төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге жол берілмейді.

6.2. Қарыз алушыдан микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) қоспағанда, кез келген өзге төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға жол берілмейді.

6.3. Қарыз берушіге микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) және өзге де төлемдерді талап етуге жол берілмейді.

6.4. Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға жол берілмейді.

6.5. Жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және микрокредит беру туралы шарт талаптарының сақталуын немесе жақсартылуын қамтамасыз етпейтін талаптармен ұзартуға жол берілмейді.

6.6. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүзеге асырылса, тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) өндіріп алуға жол берілмейді.

6.7. Теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып индекстеуге жол берілмейді.

6.8. Қарыз алушының/Кепіл берушінің Кепіл билетінде көрсетілген мекенжайына сәйкес нотариустың қызмет ету аумағынан тыс жерде микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беруге жол берілмейді.

7. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ/КЕПІЛ БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

7.1. Алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны, өсімпұлды (бар болған жағдайда) осы Шартта белгіленген мерзімдерде және тәртіппен төлеуге.

7.2. Шартта көрсетілген ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, тұрғылықты жерінің мекенжайы өзгерген жағдайда, өзгерген күннен бастап дереу, бірақ кез келген жағдайда бес күннен кешіктірмей жаңартылған деректерді Қарыз берушіге хабарлауға.

7.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

7.4. Кепілге тек өзіне меншік құқығымен тиесілі, тыйым салынбаған, үшінші тұлғалардың талаптарынан бос және қылмыс объектісі болып табылмайтын мүлікті ұсынуға.

8. ШАРТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Шарт Тараптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

8.2. Шарттың қолданылу мерзімін Шарттың 9.4-тармағының 9.4.2-тармақшасында көрсетілген тәсілмен ұзартқан кезде Қарыз алушы төлемді жүзеге асыру үшін қажетті мынадай деректердің дұрыс толтырылуына жауапты болады:

- Қарыз алушының ЖСН-і;
- Шарттың (Кепіл билетінің) нөмірі;
- төлем сомасы;
- төлемнің біржолғы коды.

9. ШАРТ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт талаптары Тараптардың келісімі бойынша оған қосымша келісім жасау арқылы өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін, Қарыз алушы үшін талаптар жақсартылатын жағдайларды қоспағанда, мұндай жағдайда Қарыз беруші өзгерістер мен толықтыруларды біржақты тәртіппен енгізуге құқылы.

9.2. Тараптардың келісімі бойынша Шарттың қолданылу мерзімі қолданыстағы немесе жақсартылған талаптармен ұзартылуы мүмкін. Бұл жағдайда микрокредитті өтеудің жаңа күні микрокредитті өтеу кестесіне енгізіледі.

9.3. Шарттың қолданылу мерзімі қолданыстағы немесе жақсартылған талаптармен ұзартылған кезде Қарыз алушы осы Шарттың 2.5-тармағында көрсетілген талаптарды бір мезгілде сақтай отырып, Шарттың қолданылу мерзімін ұзартуды қалаған күндер саны үшін Қарыз берушіге сыйақы төлейді.

9.4. Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту мынадай тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін:

9.4.1. Қарыз алушыға микрокредит берілген Қарыз берушінің бөлімшесінде;

9.4.2. Kaspi.kz мобильдік қосымшасы арқылы ағымдағы жұмыс күнінің сағат 17:00-ге дейін.

Сағат 17:00-ден кейін жіберілген төлемдер келесі күні есепке алынады.

9.5. Шарттың қолданылу мерзімін Шарттың 9.4-тармағының 9.4.2-тармақшасында көрсетілген тәсілмен ұзартуға ниетті Қарыз алушы төлем жасамас бұрын микрокредит алған ломбард бөлімшесіне қоңырау шалуға және мыналарды нақтылауға міндетті:

– Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту мүмкіндігін;

– таңдалған ұзарту мерзімі үшін төлем сомасын;

– тек ағымдағы жұмыс күні ішінде жарамды болып табылатын төлемнің біржолғы кодын.

9.5.1. Онлайн төлем арқылы аударылған сома тек мынадай кезектілікпен өтеуге бағытталуы мүмкін:

1. есептелген өсімпұлды (бар болған жағдайда);

2. микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны.

9.5.2. Егер Қарыз алушы Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту үшін қажетті сомадан артық соманы аударса, артық сома мән-жайлар анықталғанға дейін Қарыз берушінің шотында сақталады.

10. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ТӘРТІБІ

10.1. Микрокредитті толық өтеу, оның ішінде микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеу, Қарыз алушыға микрокредит берілген Қарыз берушінің бөлімшесінде жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын ұсыну арқылы Қарыз берушінің кассасы арқылы қолма-қол ақшамен жүзеге асырылады.

Микрокредитті толық өтеу Қарыз алушы микрокредитті толық өтеу күніне Қарыз берушіге тиесілі сыйақыны және өсімпұлды (бар болған жағдайда) толық төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

10.2. Сыйақы Қарыз алушы тарапынан микрокредитті пайдалану кезеңінің бүкіл уақыты үшін, оның ішінде микрокредит берілген күнді және микрокредит өтелген күнді қоса алғанда төленеді.

11. ШАРТТЫҢ ӨЗГЕ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Микрокредиттің талаптары: микрокредит мерзімділік, қайтарымдылық, ақылылық және жылжымалы мүлік кепілімен қамтамасыз етілу талаптарымен беріледі.

11.2. Қарыз алушы Шартта көрсетілген ұялы телефон нөмірінің, электрондық пошта мекенжайының және тұрғылықты жерінің мекенжайының дұрыс әрі қолданыста екенін растайды.

11.3. Қарыз алушы Шартта көрсетілген ұялы телефон нөміріне немесе электрондық пошта мекенжайына жіберілген SMS-хабарламалар немесе электрондық хаттар арқылы Қарыз берушіден кез келген хабарламаларды алуға келісім береді және SMS-хабарлама немесе электрондық хат арқылы жіберілген хабарлама Қарыз алушыны тиісінше хабардар ету болып табылатынымен келіседі.

11.4. Қарыз беруші Қарыз алушы ұсынған ұялы телефон нөмірінің немесе электрондық пошта мекенжайының дұрыс еместігі немесе жарамсыздығы үшін, сондай-ақ Қарыз алушының телефон нөмірінің өзгергені туралы ақпаратты уақтылы алмауы үшін жауапты болмайды.

11.5. Қарыз алушы Шартта көрсетілген ұялы телефон нөміріне Қарыз берушіден жарнамалық сипаттағы ақпараттық SMS-хабарламаларды алуға өзінің келісімін береді.

11.6. Қарыз алушы өзінің келісімін береді:

1. осы келісімді қабылдаған кредиттік есепті алушыға – Қарыз берушіге және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына (бұдан әрі – «ҚР ІІО») болашақта келіп түсетін деректерді қоса алғанда, кредиттік бюролардан кредиттік есептерді беруге;

2. Қарыз берушімен ақпарат беру туралы шарт жасалған «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ға (бұдан әрі – «МКБ») және ҚР ІІО-на ақпарат беруге.

11.7. Осы Шартпен реттелмеген Қарыз беруші мен Қарыз алушы арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.